

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан халқы Ассамблеясы
Төрағасының орынбасары,
Қазақстан Республикасы
Президенті Әкімшілігінің
ҚХА Хатшылығы меңгерушісі


Ж. К. Түймебаев

2019 жылғы « _____ » _____

«БЕКІТЕМІН»

Қазақстан Республикасының
Президенті жанындағы
«Қоғамдық келісім»
республикалық мемлекеттік
мекемесінің директоры


С. Ф. Мажитов

2019 жылғы « _____ » _____



Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық үлгісіне арналған үздік ғылыми жоба конкурсының ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан халқы Ассамблеясының (2025 жылға дейінгі) даму тұжырымдамасына сәйкес, Қазақстан халқы Ассамблеясы (бұдан әрі – Ассамблея) азаматтық бірегейлікті қалыптастырудың және қоғамдық келісімнің конституциялық қағидатын іске асырудың негізгі тетігі, мемлекет пен азаматтық қоғамның диалог алаңы болып табылады.

Осы орайда, рухани жаңғыру басымдықтарын ескере отырып, Ассамблея институтын нығайту жөніндегі міндеттерді іске асыру аясында оның қызметін жетілдіруге, тиімділігін күшейтуге бағытталған, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық үлгісіне арналған үздік ғылыми жобаға Конкурс (бұдан әрі – Конкурс) жарияланады.

2. Ассамблея қызметінің тиімділігін жетілдіру және қамтамасыз ету мақсатында осы Конкурс ғылыми-қолданбалы сипатта болады.

3. Конкурс қоғамның мүдделі өкілдері арасында өткізілетін республикалық іс-шара болып табылады.

4. Конкурс қоғамды Қазақстан халқы Ассамблеясы институтын дамытуға тарту және қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтудың инновациялық әдістері мен тетіктерін айқындау мақсатында ҚХА (2025 жылға дейінгі) даму тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2019-2021 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының 47-тармағын орындау аясында өткізіледі.

5. Конкурстың міндеттері:

1) қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық үлгісін танымал ету;

2) Ассамблеяның қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлік саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру жөніндегі қызметін жетілдіру және жандандыру;

3) қазақстандық бірегейлікті нығайтуға және Ассамблея қызметін жетілдіруге бағытталған ғылыми-әдістемелік, оқыту және анықтамалық әдебиеттерді әзірлеуге және басып шығаруға көмек көрсету;

4) Ассамблея қызметін жетілдіру және мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен азаматтық қоғам институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру арқылы қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті қамтамасыз етудің ғылыми негізделген және практикалық тетіктерін әзірлеу.

6. Конкурстың ұйымдастырушылары Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы «Қоғамдық келісім» РММ (бұдан әрі – РММ) және облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының «Қоғамдық келісім» КММ (бұдан әрі – КММ) болып табылады.

7. Конкурсты ұйымдастырушы:

1) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің ҚХА

Хатшылығымен келісім бойынша Конкурс туралы ережені бекітеді;

2) Конкурс жариялау туралы ақпаратты www.assembly.kz сайтында орналастырады, нәтижелері туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабардар етеді;

3) қатысушылардың өтінімдерін қарау жөніндегі комиссияның жұмысын қамтамасыз етеді;

4) Конкурс финалистерінің қатысуын және оларды марапаттауды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

8. Конкурсқа қалың жұртшылықтың мүдделі өкілдері қатыса алады.

9. Ассамблеяның ғылыми қоғамдастығының өкілдері (Ассамблеяның ҒСК, ҒСТ, кафедралары (орталықтар)) ғылыми жобалардың рецензенттері болады.

10. Конкурсқа бір автор немесе авторлық ұжым дайындаған жобалар қатыса алады.

11. Егер конкурсқа екі адамнан артық авторлар ұжымы әзірлеген жоба ұсынылатын болса, онда авторлық ұжымның басшысы ізденіскер ретінде көрсетіледі.

12. Әрбір ізденіскер тек бір ғана өтінім бере алады. Екі және одан да көп өтінімде бір ізденіскердің тең авторлығына жол берілмейді.

13. Конкурстың тақырыптық бағыттары:

1) Қазақстан халқы Ассамблеясы: міндеттерді жүзеге асыру және даму перспективалары (жаңа көзқарас)

2) Ассамблеяның қоғамдық құрылымдарының қоғамдық бақылау, қайырымдылық және медиация саласындағы рөлі: қолдану тәжірибесі және іске асырудың жаңа тетіктері.

2.Конкурсты өткізу тәртібі

14. Конкурс үш кезеңмен өткізіледі:

- I (Өңірлік) кезең

- **2019 жылғы 20 қыркүйекке дейін** – **Конкурс** туралы ақпаратты дайындау, жіберу және БАҚ-та, әлеуметтік желілерде және Ассамблеяның интернет-ресурсында орналастыру.

- **2019 жылғы 20 қазанға дейін** – өтінімдерді қабылдау, қарау және іріктеу.

II (Республикалық) кезең

2019 жылғы 25 қазанға дейін – әр өңірден Конкурстың талаптары мен критерийлеріне сәйкес келетін 2 ғылыми жобаны іріктеу.

2019 жылғы 20 қарашаға дейін – Конкурстың финалистерін анықтау.

III (Қорытынды) кезең

2019 жылғы қараша–желтоқсан – Конкурстың жеңімпазы мен жүлдегерлерін анықтау.

15. Конкурстың **I (Өңірлік) кезеңіне** ұсынылған жобаларды қарау үшін ұйымдастырушылар (КММ) **Өңірлік конкурстық комиссия** құрады.

16. Өңірлік конкурстық комиссияның құрамына Қазақстан халқы Ассамблеясының өңірлік хатшылығы (бұдан әрі – өңірлік ҚХА хатшылықтары), КММ, мүдделі мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар және өңірдің Қазақстан халқы Ассамблеясының ғылыми-сараптамалық қоғамдастығының өкілдері кіреді.

17. Өңірлік конкурстық комиссияны ашық дауыс беру жолымен комиссияның бірінші отырысында сайланатын Төраға басқарады.

18. Өңірлік конкурстық комиссия мүшелерінің құрамы мен санын Ұйымдастырушылар айқындайды.

19. Қаралған және іріктелген ғылыми жобалар (әрбір өңірден екі ізденіскерден артық емес) одан әрі қарау үшін РММ-ге II кезеңге жіберіледі.

20. Конкурстың II және III кезеңдеріне ұсынылған жобаларды бағалау үшін Ұйымдастырушылар **Республикалық конкурстық комиссия** құрады.

21. Республикалық конкурстық комиссия ҚХА Хатшылығының, РММ, Ассамблеяның республикалық қоғамдық құрылымдарының, оның ішінде Ассамблеяның ғылыми қоғамдастығының, тәуелсіз сарапшылардың, сондай-ақ келісім бойынша мүдделі мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдерінен құрылады.

22. Республикалық конкурстық комиссияны ашық дауыс беру жолымен комиссияның бірінші отырысында сайланатын Төраға басқарады.

23. Республикалық конкурстық комиссия мүшелерінің құрамы мен санын Ұйымдастырушы (РММ) айқындайды.

24. Іріктеудің II (Республикалық) кезеңінде авторлардың тікелей қатысуынсыз өңірлерден бағытталған ғылыми жобалар қарастырылады.

25. Жобаларды іріктеу және бағалау осы Ереженің 3-тармағына сәйкес әзірленген өлшемдер негізінде жүзеге асырылады.

26. Конкурстың жеңімпазы мен жүлдегерлерін анықтау мақсатында Ұйымдастырушы қатысушылар туралы қосымша ақпарат сұратуға құқылы.

27. Республикалық конкурстық комиссия іріктеген жобалар Конкурстың Қорытынды кезеңіне жіберіледі.

28. Ұйымдастырушылар іріктеуден өткен қатысушыларды байқаудың қорытынды кезеңінің мерзімі мен шарттары туралы хабардар етеді. Қатысушыларға ақпарат электронды форматта қосымша жіберілуі мүмкін.

29. Қорытынды конкурста өз жобаларын қорғау мақсатында қатысушылар баяндама жасайды. Баяндаманы электронды құралдармен, көрнекі және демонстрациялық материалдармен сүйемелдеуге болады.

30. Конкурстың Қорытынды кезеңінің жеңімпазы мен жүлдегерлерін республикалық конкурстық комиссия ашық дауыс беру жолымен айқындайды. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

31. Конкурсқа ұсынылған жобалар қайтарылмайды. Конкурсқа жіберілген материалдар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

32. Қорытынды конкурсқа қатысушылар қатысқаны үшін дипломмен және кәдесыйлармен марапатталады. Жеңімпаз бен жүлдегерлерге ақшалай сертификаттар немесе тауарлық-материалдық құндылықтар табыс етіледі.

33. Конкурстың қорытындысы бойынша Ассамблея қызметін жетілдіру жөніндегі ғылыми - қолданбалы жұмыстар әдістемелік ұсынымдар мен басылымдарды дайындау кезінде пайдаланылатын болады. Ең тартымды жұмыстар пысықталып және толықтырылып басылымға ұсынылатын болады.

34. Маңызды әзірлемелер Ассамблеяның мақсаты мен міндеттерін іске асыру барысында енгізілетін болады.

35. Конкурстың қорытындысы бұқаралық ақпарат құралдарында, Ассамблея сайтында жарияланады.

3. Жобаларды іріктеу критерийлері

36. Конкурсқа ғылыми-практикалық жобалар, сондай-ақ Ассамблея қызметін жетілдіруге, оның мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға бағытталған инновациялық әдістер мен тетіктердің әзірлемелері ұсынылады.

37. Жобаны бағалау кезінде мынадай өлшемдер ескеріледі:

- жобаның Конкурстың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі, жобаның өзектілігі;
- құрылымы мен мазмұндау логикасының негізділігі;
- ғылыми жаңашылдығы;
- ғылыми жұмыстың әдістемесінің тиімділігі, талдаудың заманауи әдістерін қолдануы;
- жобаның қолданбалы сипаты, жаңа әзірлемелердің, тетіктердің болуы;
- тәжірибені тарату мүмкіндігі.

4. Конкурстың қорытындысын шығару

38. Конкурстың қорытындысы қосымша көрсетілген мерзімде шығарылады.

39. Конкурстың жеңімпазы мен жүлдегерлерін Ұйымдастырушы (РММ) www.assembly.kz сайтында жариялайды.

40. Үздік әзірлемелер жұмыста қолданылады немесе тарату үшін басылымға ұсынылады.

5. Конкурстық жұмыстарға қойылатын талаптар

41. Конкурсқа қатысу үшін үміткерлер облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және елорданың өңірлік КММ-не төмендегі құжаттарды жібереді:

1) Конкурсқа қатысуға өтінім – 1 дана (№2 қосымшаға сәйкес);

2) көлемі 20 беттен аспайтын басылған, тігілген жұмыс мәтіні және қосымшасы (фото, иллюстрациялар, инфографика, слайдтар, іс – шаралар тұжырымдамалары) – 1 дана;

3) гуманитарлық ғылымдар саласында ғылыми дәрежесі бар маманның (сарапшының) пікірі;

4) Конкурсқа қатысуға өтінімнің және ғылыми жұмыс мәтінінің электрондық нұсқасы CD дискісіне жазылған – 1 дана;

5) қатысушының немесе жоба басшысының жеке куәлігінің көшірмесі.

42. Конкурсқа қатысуға өтінім осы Ережеде көзделген талаптар мен шарттармен конкурсқа қатысуға үміткер қатысушының келісім білдіру нысаны болып табылады.

43. Конкурсқа қатысуға өтінім осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысуға үміткер толтырған және қол қойған өтінімді қамтуы тиіс.

44. Конкурсқа қатысуға өтінімді Конкурстың өңірлік ұйымдастырушысына электрондық түрде, сондай-ақ Конкурстың атауы мен жіберушінің байланыстарын көрсете отырып, желімделген конвертте беруге болады.

45. Конкурсқа қатысуға ұсынылған өтінімдерді Конкурсты ұйымдастырушы Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау күні мен уақытын көрсете отырып тіркейді.

46. Осы Ережеде көзделген талаптарды бұза отырып, Конкурсқа қатысуға өтінімдер қабылдауға және тіркеуге жатпайды.

47. Республикалық сырттай іріктеуге ұсынылатын ғылыми-қолданбалы жобалар үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың КММ жоғарыда көрсетілген құжаттармен бірге қосымша мынадай құжаттарды жібереді:

1) Конкурстың екінші кезеңіне қатысу үшін Конкурсты ұйымдастырушылар (КММ) дайындаған және конкурстық комиссияның Төрағасы мен мүшелері қол қойған ұсыныс – 1 дана;

2) Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың ҚХА ҒСТ немесе кафедраларының және орталықтарының (гуманитарлық ғылымдар саласында ғылыми (академиялық) дәрежесі бар) өкілінен рецензия;

48. Республикалық іріктеуге ұсынылатын құжаттар РММ-ге жіберіледі. Мекенжайы: Нұр-Сұлтан, Мәңгілік ел д., 8. Индекс: 010000, эл.пошта: rgu@qkelisim.kz. «КОНКУРС-2019» белгісімен.

Анықтама телефондары: 741288, 741228

49. Жобалар қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады.

50. Ресімдеуге қойылатын талаптар: А4 форматындағы мәтін; жиектері: сол жақта – 3 см, оң жақта – 1,5 см, жоғарғы және төменгі жағында – 2 см; Word мәтіндік редакторы; шрифті № 14 Times New Roman; жоларалық интервал – 1,5.

14.7 Фото, суреттер мен схемалар қосымшалар түрінде ресімделеді.

14.8 Конкурстың тақырыптық талаптарына сәйкес келмейтін жұмыстар қаралмайды.

С. Мауыт
АБС



**Конкурс өткізудің
КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРЫ**

№	Іс-шараның атауы	Орындау мерзімі	Жауапты құрылым
1	Конкурстың Ережесін әзірлеу және тарату	2019 жылғы 6 қыркүйекке дейін	Республикалық конкурсты ұйымдастырушылар
2	Конкурстың I кезеңін өткізу (өтінімдерді қабылдау, қарау, іріктеу)	2019 жылғы 25 қазанға дейін	Конкурстың жергілікті кезеңін ұйымдастырушылар
3	Конкурстың II кезеңін өткізу (құжаттарды қабылдау, қарау), финалистерді анықтау)	2019 жылғы 20 қарашаға дейін	Республикалық конкурстық комиссия
4	Конкурстың III кезеңін (Қорытынды) өткізу жеңімпазды анықтау	2019 жылғы қараша-желтоқсан	Республикалық конкурстық комиссия
5	Конкурстың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін салтанатты марапаттау рәсімі	2019 жылғы қараша-желтоқсан	Республикалық конкурсты ұйымдастырушылар

Конкурсқа қатысуға өтінім*(1,5 беттен көп емес)*

Жобаның авторы (тең авторы)	Қатысушының аты-жөні (толық): _____ Қатысушының жұмыс орны _____ Лауазымы _____ Ғылыми (академиялық) дәрежесі (бар болса) _____ Байланыс телефондары _____ E-mail: _____ Облысы (қаласы, ауданы) _____
Жоба тақырыбы	
Бағыты	(Ережеге сәйкес бағыттың атауы)
Жұмыстың мақсаты	(қысқаша)
Тақырыптың өзектілігі	(қысқаша)
Ғылыми жобаның нәтижелері бойынша ұсыныстар (ұсыныстар, жаңа әзірлемелер, тетіктер)	
Түйін сөздер	

**Конкурсқа ұсынылатын ғылыми жұмыстарды
БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ**

Критерийі	Ең жоғары баллдар	Бағалаудың негіздемесі
Тақырыптың өзектілігі	10	
Тақырыптың Конкурс бағыттарына сәйкестігі	10	
Жұмыстың қолданбалы сипаты	10	
Қойылған міндеттерді шешудің бірегейлігі	10	
Материалды баяндаудың толықтығы мен логикалық дәйектілігі	10	
Алынған нәтижелердің теориялық және практикалық маңыздылығы	10	
Қорытынды балл	60	

Комиссия төрағасы _____ (аты-жөні, лауазымы);
(қолы)

Комиссия мүшелері: _____ (аты-жөні, лауазымы, ғылыми дәрежесі (бар болса));
(қолы)